Қазіргі уақытта халықтың денсаулық жағдайының көрсеткіші медициналық мекемелерде уақтылы шұғыл көмек көрсету сапасына тікелей байланысты. Бұл зерттеудің мақсаты - жүйені енгізгенге дейін қолданыстағы қабылдау бөлімін қабылдау бөлімімен салыстыра отырып, көпсалалы ауруханалардағы Тriage жүйесінің тиімділігін бағалау.

Негізгі сөздер: триаж, жедел шұғыл медициналық көмек, көп салалы ауруханалар

Өзектілігі. Қазіргі уақытта халықтың денсаулық жағдайының көрсеткіші медициналық мекемелерде дер кезінде шұғыл көмек көрсету сапасына тікелей байланысты [1]. Жедел медициналық жәрдемді уақтылы көрсетпеу себептерінің бірі ұзақ уақыт күтуге мәжбүр болған емделушілердің қабылдау бөлімдерін шамадан тыс жүктеуі, сондай-ақ емделушілердің шұғыл жағдайына жеткіліксіз сапалы баға бере алмау болып табылады. Бүкіл әлемде қолданыстағы іріктеу шкалары өте көп. Шкалалар көбінесе бес деңгейлі және өңірге, денсаулық сақтау жүйесіне бейімделген, бірақ бірыңғай әмбебап шкала жоқ. Сондықтан зерттеуімізде біз Ақтөбе қаласындағы көп салалы ауруханалардағы енгізілген Тriage жүйесі қаншалықты тиімді болып табылатынына жауап іздедік [2,3].

Зерттеудің мақсаты: қазіргі таңдағы қабылдау бөлімін Тriage жүйесі енгізілгенге дейінгі қабылдау бөлімімен салыстыра отырып, көп салалы ауруханалардағы Тriage жүйесінің тиімділігін бағалау.

Материалдар мен әдістер. Медициналық жедел

жәрдем ауруханасы және Ақтөбе медициналық орталығының мұрағат бөлімінен 2017 жылдың қаңтар айы бойынша аталған аурухананың қабылдау бөліміне келіп түскен науқастардың тізімі (Науқастарды қабылдау және емге жатқызудан бас тартуларды есепке алу журналынан (№001/у форма)) алынып, олардың қабылдау бөлімінде болу уақыттарының ұзақтығы анықталды. Сонымен қатар, МЖЖА және АМО-ның мұрағат бөлімінен МАЖ «Авиценна» бағдарламасы арқылы 2019 жылдың қаңтар айы бойынша аталған аурухананың қабылдау бөліміне келіп түскен науқастардың тізімі алынып, олардың қабылдау бөлімінде болу уақыттарының ұзақтығы анықталды. Алынған нәтижелер бойынша салыстыру жұмыстары жүргізілді.

Нәтижелері мен талқылау. Салыстыру нәтижелері: МЖЖА бойынша Тriage жүйесі енгізілгенге дейінгі науқастардың қабылдау бөлімінде болу уақытының ұзақтығы мен Тriage жүйесі енгізілгеннен кейінгі науқастардың қабылдау бөлімінде болу уақытының ұзақтығының арасында 4 минут

айырмашылық анықталды ($p=0,02$). АМО бойынша Тriage жүйесі енгізілгенге дейінгі науқастардың қабылдау бөлімінде болу уақытының ұзақтығы мен Тriage жүйесі енгізілгеннен кейінгі науқастардың қабылдау бөлімінде болу уақытының ұзақтығының арасында 5 минут айырмашылық анықталды ($p=0,032$).

Қорытынды. Ауруханаларға енгізілген Тriage жүйесінің тиімділігін бағалау барысында алынған нәтижені халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, қабылдау бөлімінде медициналық көмек көрсету уақыты неғұрлым ұзақ болуына байланысты қабылдау

бөлімінде көмек көрсету іс-шараларын одан әрі жетілдіру керектігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дюсупов А.А., Пивина Л.М. Шұғыл жағдайлардың ауырлық индексіне сәйкес науқастарды іріктеу // Методикалық нұсқаулық. - 2018. - 100 бет.
2. Robertson-Steel I. Evolution of triage systems // Emergency Medicine Journal. - 2006. - №23. - P.154-163.
3. Iserson K. V., Moskop J. C. Triage in medicine, part I: Concept, history, and types // Ann. Emerg. Med. - 2007. - №49(3). - P.275-281.

РЕЗЮМЕ

АМАНГЕЛДИЕВА М.И.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ СИСТЕМЫ ТРИАЖ В МНОГОПРОФИЛЬНЫХ БОЛЬНИЦАХ

Западно-Казакстанский медицинский университет имени Марата Оспанова. Актобе, Казакстан

В настоящее время показатель состояния здоровья населения напрямую зависит от качества оказания своевременной экстренной помощи в медицинских учреждениях. Цель данного исследования - оценить эффективность системы Тriage в многопрофильных стационарах, сравнивая существующее приемное отделение с приемным отделением до внедрения системы.

Ключевые слова: *триаж, неотложная медицинская помощь, многопрофильные больницы*

SUMMARY

M.I. AMANGELDIEVA

THE EFFECTIVENESS OF THE TRIAGE SYSTEM IN MULTIDISCIPLINARY HOSPITALS

West Kazakstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

Currently, the indicator of the health status of the population directly depends on the quality of timely emergency care in medical institutions. The purpose of this study is to evaluate the effectiveness of the Triage system in multidisciplinary hospitals by comparing the existing reception department with the reception department before the introduction of the Triage system.

Keywords: *triage, emergency medical care, general hospitals*

КУМАР Г.Б., АМАНШИЕВА А., НУРМУХАМЕДОВА Ш.М.

КОМОРБИДНОСТЬ И COVID-19 СРЕДИ ПРОЖИВАЮЩИХ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Западно-Казакстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казакстан

Научный руководитель – к.м.н., асс. профессор Уразаева С.Т.
Кафедра эпидемиологии

Целью настоящего исследования является изучение связи коморбидных состояний в анамнезе с риском заболевания COVID-19 у населения Западно-Казакстанской области Республики Казакстан. Полученные результаты показали, что наличие ИБС и инфаркта миокарда в анамнезе у жителей ЗКО значительно повышает риск заболевания COVID-19.

Ключевые слова: *COVID-19, санитайзер, коморбидность*

Актуальность. Наряду с известными факторами риска, таких как дистанцирование, отсутствие приверженности к соблюдению гигиены рук и использованию санитайзеров, имеют значение социальные, поведенческие факторы, а также коморбидные состояния [1]. Согласно литературным данным, по распространенности коморбидность в некоторых странах охватывает треть населения, при этом отмечена тенденция к росту числа таких пациентов во всех возрастных

группах [2]. В контексте пандемии COVID-19 наличие сопутствующей патологии у пациентов является значимым фактором риска, влияющим на течение и прогноз новой коронавирусной инфекции, при этом именно пациенты с коморбидностью относятся к наиболее уязвимой группе [3].

Цель исследования. Изучить связь коморбидных состояний в анамнезе с риском заболевания COVID-19 у населения Западно-Казакстанской области (ЗКО)

Республики Казахстан.

Материалы и методы. Кросс-секционное исследование 1175 респондентов в возрасте от 18 до 69 лет проводилось в период с октября по ноябрь 2021 года. Опрос проводился среди репрезентативной выборки с использованием адаптированной анкеты, основанной на анкете STEPS (ВОЗ). Работа проводилась в рамках научно-технической программы «Национальная программа внедрения персонализированной и превентивной медицины в Республике Казахстан», финансируемой МЗРК в 2022-2024 годы. Статистическая обработка полученных данных проводилась путем составления таблиц сопряженности с помощью хи-квадрат Пирсона. Во всех процедурах статистического анализа уровень значимости принимался за $p \leq 0,05$.

Результаты. Анализ проводили по выявлению следующих сопутствующих заболеваний у респондентов: рак молочной железы, артериальная гипертензия, инфаркт миокарда, сахарный диабет и ишемическая болезнь сердца (ИБС). Большинство участников были женщинами (54,8%). Средний возраст обследуемых составил 49 лет, из них чаще болели лица молодого (30-49 лет) и среднего возраста (50-59 лет), что составило 38,4% и 34,4% соответственно, лица старшего возраста (60-69 лет) – 17,8%. Лица в возрасте 18-29 лет болели реже ($p=0,03$). Результаты показали, что число коморбидных состояний, ассоциированных с COVID-19 у

лиц старшего возраста по сравнению с молодыми увеличивается в несколько раз. Среди респондентов в возрасте 60 лет и старше, все имели комплексную коморбидность. Статистически значимые различия ($p < 0,05$) выявлены при следующих коморбидных состояниях: ИБС – 41% ($p=0,0006$); инфаркт миокарда – 37,6% ($p=0,05$).

Заключение. Таким образом, полученные результаты показали, что наличие ИБС и инфаркта миокарда в анамнезе у жителей ЗКО существенно повышает риск заболевания COVID-19, эти данные могут быть включены в тематику школ здоровья для профилактической работы с пациентами.

Список литературы:

1. Haileamlak A. Physical Inactivity: The Major Risk Factor for Non-Communicable Diseases. *Ethiop J Health Sci.* 2019 Jan;29(1):810.
2. Bello B, Useh U. COVID-19: Are Non-Communicable Diseases Risk Factors for Its Severity? *Am J Health Promot.* 2021 Jun;35(5):720-729.
3. Owopetu OF, Adebayo AM, Popoola OA. Behavioural risk factors for non-communicable diseases among undergraduates in South-west Nigeria: knowledge, prevalence and correlates: a comparative cross-sectional study. *J Prev Med Hyg.* 2021 Jan 14;61(4):E568-E577.

ТҮЙІН

КУМАР Г.Б., АМАНШИЕВА А.,
НУРМУХАМЕДОВА Ш.М.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТҮРҒЫНДАР АРАСЫНДАҒЫ КОМОРБИДТІЛІК ЖӘНЕ КОВИД-19

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысының тұрғындарында COVID-19 ауруының қаупімен қатар жүретін аурулардың байланысын зерделеу. Нәтижелер БҚО тұрғындарында ЖИА мен миокард инфарктісінің анамнезінде болуы COVID-19 ауруының қаупін едәуір арттыратынын көрсетті.

Негізгі сөздер: COVID-19, дезинфекциялау құралы, қатар жүретін ауру

SUMMARY

G.B.KUMAR, A.A. AMANSHIYEVA,
SH.M.NURMUKHAMEDOVA

COMORBIDITY AND COVID-19 AMONG RESIDENTS IN WEST KAZAKHSTAN REGION

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The purpose of this study is to study the relationship of a history of comorbid conditions with the risk of COVID-19 in the population of the West Kazakhstan region of the Republic of Kazakhstan. The results obtained showed that the presence of coronary artery disease and myocardial infarction in the anamnesis in WKO residents significantly increases the risk of COVID-19.

Keywords: COVID-19, sanitizer, comorbidity

ТІЛЕКТЕС Г.Б.

ЕГДЕ ЖӘНЕ ҚАРТ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРҒА ЕМХАНАЛАРДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – м.ғ.к доцент Калдыбаев К.К.
Кафедра – Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау

Аннотация. Емхана жағдайында егде және кәрілік жастағы халыққа медициналық көмектің көлемін, сипатын және ұйымдастырушылық нысандарын зерттеу.

Негізгі сөздер: егде, қарт, медициналық көмек, гериатриялық, паллиативті көмек

Өзектілігі: «Халықтың қартаюы» мәселесі әлемнің көптеген елдеріне тән сауал. Бұл біздің елімізде де кездеседі. 65 жастан асқан халық үлесінің артуы осы топтың медициналық көмектің әртүрлі түрлеріне қажеттілігінің артуына әкеледі. Егде жастағы адамдарға көрсетілетін медициналық көмекті жетілдіру, олардың медициналық-биологиялық, әлеуметтік, психологиялық аспектілерін кешенді шешу мемлекеттік бағдарламаның басымдықтарының бірі болып айқындалған [1]. Қазіргі уақытта ҚР егде жастағы адамдарға медициналық қызмет көрсету медициналық-санитарлық көмек түрінде көрсетіледі, өйткені егде және кәрілік жастағы пациенттермен мамандандырылған гериатр-дәрігерлер іс жүзінде жетіспейді [2,3].

Зерттеудің мақсаты: Емхана жағдайында егде және кәрілік жастағы халыққа медициналық көмектің көлемін, сипатын және ұйымдастырушылық нысандарын зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері: 60 жастан асқан адамдар, халықтың осы әлеуметтік тобына қызмет көрсететін емханалық ұйымдар және зерттеу объектілері амбулаториялық карталар. Материалдар медициналық статистика әдістерін қолдана отырып өңделді. Зерттеу 2021-2022 жылдары Ақтөбе қаласының №4 емханасының базасында жүргізілді. Бастапқы медициналық құжаттама деректері бойынша егде және кәрілік жастағы адамдардың жүгіну құрылымы зерттелді (2314 қарт тұрғын).

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу материалдарын талдау осы емханада егде және кәрілік жастағы халық саны 8340 адамды (ерлер – 39,5%, әйелдер – 60,5%)

құрағанын көрсетті. №4 қалалық емханада егде және кәрілік жастағы адамдардың жүгінуі құрылымында қан айналымы аурулары 1-орында (1000 тұрғынға шаққанда 31% немесе 304,5), сүйек-бұлшықет жүйесі және дәнекер тін аурулары 2-орында (1000 тұрғынға шаққанда 8,3% немесе 81,5). Емдеу-алдын алу іс-шараларын жоспарлау және дәрігерлердің біліктілігін арттыру кезінде жүгіну құрылымын ескеру қажет. Қорытынды: Зерттеу материалдарының негізінде біз емхана жағдайында гериатриялық пациенттерге медициналық көмек көрсетуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасадық:

- емханалар жанынан гериатриялық кабинеттер ашу;
- геронтологиялық топ тұлғаларын жыл сайынғы тексеруді енгізу;
- медициналық көмектің жеке қажеттіліктері мен көлемін анықтау мақсатында жүйелі мониторинг жүргізу;
- қарт адамдарға паллиативтік көмек көрсетуді жетілдіру. Хоспистерді ашу, үйде төсек режимінде жатқан ауыр науқастарға күтім жасайтын адамдарға материалдық қолдау көрсету тетігін әзірлеу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Старшее поколение в Казахстане: взгляд в будущее: Национальный отчет о человеческом развитии. – Алматы, 2017
2. Яцемирская Р. С. Социальная геронтология. - М.: Академический Проект, 2015, -320с
3. Здоровье пожилых-Женева, 2017г.

РЕЗЮМЕ

ТІЛЕКТЕС Г.Б.

ОРГАНИЗАЦИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ В ПОЛИКЛИНИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ ЛИЦАМ ПОЖИЛОГО И СТАРШЕГО ВОЗРАСТА

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Изучение объема, характера и организационных форм медицинской помощи пожилому и старшему населению в условиях поликлиники.

Ключевые слова: пожилой, медицинская помощь, гериатрический, паллиативная помощь

SUMMARY

G.B. TILEKES

ORGANIZATION OF MEDICAL CARE IN POLYCLINIC CONDITIONS FOR ELDERLY AND OLDER PERSONS

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

The purpose of the work is to study the volume, nature and organizational forms of medical care for the elderly and older population in a polyclinic.

Keywords: elderly, elderly, medical care, geriatric, palliative care

ҚУАНАЛИЕВА Д.С., САДЫҚ Д.Б., ҚАРАБАЙҰЛЫ М.

ҚАНТ ДИАБЕТІН БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСАТЫН НАУҚАСТАРДЫҢ ҚАНАҒАТТАНУЫН ТАЛДАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми жетекші – PhD, доцент м.а. Тажбенова С.Т.

Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасы

Аннотация. Қант диабеті – денсаулық сақтаудың маңызды әлеуметтік мәселелерінің бірі. Бұл зерттеу қант диабетін басқару бағдарламасына қатысатын пациенттерге сауалнама жүргізу арқылы бағдарламаға қанағаттанушылықты зерттеу мақсатында қалалық емханада жүргізілді.

Негізгі сөздер: қант диабеті, сауалнама, созылмалы ауру

Өзектілігі: Қант диабеті – денсаулық сақтаудың маңызды әлеуметтік мәселелерінің бірі. Халықаралық диабет федерациясының деректеріне сәйкес, 2021 жылы әлемде 537 млн. ересек адам қант диабетімен ауырған. Жылына әлемде қант диабетінен шамамен 4-5 млн. адам өледі [1]. Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі Қазақстанда соңғы 10 жылда қант диабетімен сырқаттанушылық көрсеткіші 2 есеге артып, қарқынды өсумен байланысты. Қант диабетінің кең таралуы айтарлықтай асқынуларға, мерзімінен болатын өлім-жітім мен мүгедектіктің басты себебі болуына, айтарлықтай медициналық, әлеуметтік, сондай ақ, экономикалық шығындарға әкеліп соқтырады [2]. Бұл мәселенің алдын алу үшін елімізде МСАК деңгейінде созылмалы ауруларды басқару бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаның мақсаты медицина қызметкерлері мен науқастың мінез-құлқын өзгерту, серіктестік қарым-қатынас жасау, науқастың денсаулық деңгейін және өмір сүру сапасын арттыру үшін бағдарланған үлгі жасай отырып, өз денсаулығын басқаруға науқастарды тарту, клиникалық асқынуларды, созылмалы аурулар кезіндегі өлім-жітім мен мүгедектік көрсеткіштерін төмендету болып табылады [3].

Зерттеудің мақсаты: Ақтөбе қаласының №4 қалалық емханасында қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасына қатысушылардың қанағаттанушылығын зерттеу.

Материалдар мен әдістер: Қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасына науқастардың қанағаттанушылығын анықтау үшін Ақтөбе қаласы №4 қалалық емханада 2-типті қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасына қатысатын науқастарға сауалнама жүргізілді. Зерттеу дизайны – бір уақытты, көлденең зерттеу. Зерттеуге Ақтөбе қаласының №4 қалалық емханасында 2-типті қант диабеті бойынша ауруларды басқару бағдарламасына қатысатын 114 науқас алынды. Науқастарға сауалнама жүргізу үшін арнайы әзірленген авторлық сауалнама қолданылды (авторы Калмаханов С.Б). Сауалнаманың паспорттық

бөлімінде науқастың жасы, жынысы, білімі, әлеуметтік статусы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтер қарастырылған. Сауалнаманың негізгі бөлімінде науқастардың бағдарламаға, бағдарламаның нәтижелеріне қанағаттануы және өз ауруын басқаруы бойынша сұрақтар қарастырылған. Мәліметтерге талдау жасалып, статистикалық өңделді.

Нәтижелері мен талқылау: Сауалнамаға қатысқандардың 55,3%-ы ауруларды басқару бағдарламасының ұйымдастырылуына, 81,6%-ы өз денсаулық нәтижелеріне қанағаттанатынын көрсетті. 81,6%-ы өз ауруы мен жай-күйін басқара алатынын атап өтті. Науқастар өз ауруын басқарудың бір бөлігі физикалық белсенділік қамтиды деп түсінетіндер 59,7%-н, дұрыс тамақтану деп санайтындар 65%-н құрады, 91,2%-ы өз ауруын басқару үшін дәрілік препараттарды уақытында қабылдау керек деп түсінетінін көрсетті.

Қорытынды: Жүргізілген зерттеу ауруларды басқару бағдарламасын нәтижелі жүзеге асыру үшін, сондай ақ, қант диабетімен ауыратын науқастардың өз-өзіне көмек көрсетуді, өз денсаулығын басқаруды және ауруы туралы білімдерін меңгеру үшін денсаулық мектептерінің жұмысын күшейту қажеттігін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. International Diabetes Federation. IDF Diabetes Atlas. 10th ed. Brussels, Belgium: International Diabetes Federation; 2021.

2. Danaei G., Finucane M.M., Lu Y., Singh G.M., Cowan M.J., Paciorek C.J., et al. National, regional, and global trends in fasting plasma glucose and diabetes prevalence since 1980: systematic analysis of health examination surveys and epidemiological studies with 370 country-years and 2,7 million participants//Lancet.- 2011. –Vol. 378(9785). – P.31-40.

3. Кулкаева Г. Внедрение программы управления хроническими заболеваниями в Республике Казахстане//Онкология и радиология Казахстана. – 2015. – 37(3). – С.8-9.

РЕЗЮМЕ

ҚУАНАЛИЕВА Д.С., САДЫҚ Д.Б.,
ҚАРАБАЙҰЛЫ М.

**АНАЛИЗ УДОВЛЕТВОРЕННОСТИ
ПАЦИЕНТОВ, УЧАСТВУЮЩИХ В
ПРОГРАММЕ УПРАВЛЕНИЯ ЗАБОЛЕВАНИЕМ
ПО САХАРНОМУ ДИАБЕТУ**

Западно-Казакстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актөбе, Казакстан

Сахарный диабет – одна из наиболее серьезных социальных проблем общественного здравоохранения. Это исследование было проведено в городской поликлинике с целью изучения удовлетворенности программой путем опроса пациентов, участвующих в программе управления заболеванием по сахарному диабету.

Ключевые слова: диабет, анкета, хроническое заболевание

SUMMARY

D.S.KUANALIEVA, D.B.SADYK,
M.KARABAIULY

**SATISFACTION ANALYSIS OF PATIENTS
PARTICIPATING IN THE DIABETES MELLITUS
DISEASE MANAGEMENT PROGRAM**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Diabetes mellitus is one of the most serious social problems of public health. This study was conducted in a city polyclinic in order to study the satisfaction with the program by interviewing patients participating in the diabetes management program.

Keywords: diabetes, questionnaire, chronic disease.

НУРГАЗИН Ш.Б., МАРЛЕНОВА А.Е., НҮРКЕНҚЫЗЫ І.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (АҚТӨБЕ
ҚАЛАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазакстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазакстан

Ғылыми жетекші – м.ғ.м. Умбетов М.У.

Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасы

Медициналық сақтандыру – медициналық қызмет көрсететін медициналық ұйымдардың, олардың қызметкерлері мен жеке тәжірибешілердің санын, жұмыс сапасын дәл бағалау үшін жағдай жасайды. Бұл зерттеудің мақсаты – Ақтөбе қаласы бойынша халық арасында медициналық сақтандырудың маңыздылығын, рөлін анықтау және бағалау.

Негізгі сөздер: медициналық сақтандыру, сауланама, сұхбат

Өзектілігі. Медициналық сақтандыру – медициналық қызмет көрсететін медициналық ұйымдардың, олардың қызметкерлерінің және жеке тәжірибешілік дәрігерлер жұмысының саны, сапасына нақтылай бағалауға жағдай жасайды. Медициналық сақтандыру мемлекет тарапынан көзделген шаралардың сипаты мен көлеміне қарамастан халық пен ұйымдардың түрлі мүдделерін қосымша қорғауға мүмкіндік бере отырып, әлеуметтік экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді [1]. Сақтандыру компанияларының резервтері экономикалық дамуды қаржыландыратын инвестициялардың сенімді көзі болып табылады, сақтандыруды дамытудың негізгі мақсаты – мемлекеттердің, азаматтардың мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын толыққанды орнықты жұмыс істейтін ұлттық медициналық сақтандыру нарығын қалыптастыру [2,3].

Зерттеудің мақсаты: Ақтөбе қаласы бойынша медициналық сақтандырудың халық арасындағы маңыздылығын, рөлін анықтап, қорытынды баға беру. Медициналық сақтандыру бағдарламасы енгізілген

медициналық мекемесінің жұмысын бақылау.

Материалдар мен әдістер. Елімізде медициналық сақтандырудың маңыздылығын анықтау мақсатында халық арасында сауалнама жүргізілді. Әлеуметтік сұрау – өзіне тән әлеуметтік зерттеу әдістерінің бірі. Бұл әдіс қысқа мерзім ішінде көп мөлшердегі адам санынан көлемді ақпарат алуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік сұрау сауалнама және сұхбат түрінде жүргізілді. Сауалнама медициналық сақтандырудың маңыздылығын анықтап, халықтың қазіргі көрсетіліп жүрген мемлекеттік медициналық көмекке көңілдері толатын және толмайтындығын біліп, әрі қарай медициналық көмектің сапасын арттыруға ұсыныс жасау үшін жүргізілді. Науқастың медициналық көмекке көңілі толуы сапалы медициналық көмек алуға бірден бір жағдай жасайды.

Нәтижелері мен талқылау. Осы өткізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша, сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі медициналық сақтандыру бағдарламасын қолдайтыны байқалады. Медициналық

сақтандыру жүйесімен 81% азаматтар келісетіні және мемлекеттік медициналық көмекке 53% азаматтардың көңілі толмайтындығы анықталды. Медициналық сақтандыру арқылы жыл сайын медицинаның жұмысы бір деңгейге түсіп келеді.

Қорытынды. Медициналық сақтандыру жүйесін еліміздің денсаулық сақтау саласында қолдану барысында дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, жергілікті ерекшеліктерге көңіл аудару қажет. Медициналық сақтандыру жүйесі денсаулық сақтау саласында сапалы жәрдем алуға үлкен көмегі тиеді. Нарық талаптарына сәйкес біз жан-жақты білім жинап, заман ағынымен қатар жүруіміз керек. Жалпы алғанда, медициналық сақтандырудың дамуы қазіргі кездегі

денсаулық сақтау жүйесіндегі кемшіліктерді азайтып, жүйесіз жүрген істерді біршама жүйелеуге жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Обязательное медицинское страхование в Республике Казахстан / Сборник законодательных актов и нормальных документов №1. 1996. – 6-7 с.
2. Комаров Ю.М. Медицинское страхование: для Голландии, для Германии и для России // ГлавВрач. – 2014. - №6. С. 81-90.
3. Искакова Л.И., Шейман И.М. Оплата медицинской помощи в условиях медицинского страхования. Зарубежный опыт и практические рекомендации – Кемерово, 2011. – С. 49.

РЕЗЮМЕ

НУРГАЗИН Ш.Б., МАРЛЕНОВА А.Е.,
НҮРКЕНҚЫЗЫ І., УМБЕТОВ М.У.

ОСНОВНЫЕ ВОПРОСЫ МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА АКТОБЕ)

Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Медицинское страхование создает условия для точной оценки количества, качества работы медицинских организаций, оказывающих медицинские услуги, их работников и частных практикующих врачей. Цель данного исследования – определить значение, роль медицинского страхования среди населения по городу Актөбе и дать оценку.

Ключевые слова: медицинская страховка, обследование, интервью

SUMMARY

SH.B.NURGAZIN, A.E.MARLENOVA,
I.NURKENKYZY, M.U.UMBETOV

THE MAIN ISSUES OF HEALTH INSURANCE (ON THE EXAMPLE OF THE CITY OF AKTOBE)

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

Medical insurance – creates conditions for an accurate assessment of the quantity and quality of work of medical organizations providing medical services, their employees and private practitioners. The purpose of this study is to determine the importance and role of health insurance among the population in the city of Aktobe and to assess

Keywords: medical insurance, examination, interview

БИМАХАНОВА А., КЕРІМХАН Б.С., ҚАЗЫБАЕВ М.Қ.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ МЕНТАЛЬДЫ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми жетекші – м.ғ.м., аға оқытушы Бекбауова А.У.
Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасы

Аннотация. Зерттеу көрсеткендей, 60 пен 75 жас аралығындағы егде жастағы тұрғындарда стресс, мазасыздық, мазасыздық белгілері көбірек болады. Бұл асқину кезеңіне әкеледі (шизофрения, деменция, Альцгеймер ауруы), онда егде жастағы адамдар симптомдарға назар аудармайды. Осыған сәйкес жалпы тәжірибелік дәрігерлер жасай алмайды тиісті көмек көрсету. А психиатриялық көмек мамандандырылған, ол жалпы денсаулық сақтау жүйесінен бөлінген және жеке заңмен реттеледі, сондықтан психиатриялық қызметтер әлі де МСАК деңгейінде қол жетімді емес.

Негізгі сөздер: шизофрения, психиатриялық көмек, деменция, альцгеймер ауруы

Өзектілігі. Қазақстан Республикасындағы психиатриялық көмек мамандандырылған болғандықтан, жалпы тәжірибелік дәрігерлерге шағымданған егде

жастағы науқастардың 50%-да психикалық бұзылулар белгілері табылған [1,2]. Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының статистикасы егде жастағы

адамдардың психикалық ауруларын тіркемейді. Нәтижесінде қарт адамдардың психикалық жүйесінің бұзылулары назардан тыс қалуда. Психикалық бұзылыстары бар осы жастағы адамдардың басым бөлігі тиісті қамқорлыққа мұқтаж.

Зерттеу мақсаты: Егде жастағы тұрғындардың ментальды денсаулығының ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері: 2020-2022 жылдардағы ҚР халық денсаулығы және Ақтөбе облысы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы статистикалық жинақтары және №1 қалалық емхана бойынша 60-75 жас аралығындағы егде тұрғындарының «Психикалық ауруларды электронды тіркеу» ақпараттық жүйесі бойынша алынған мәліметтер (№052/е нысаны – амбулаториялық пациенттің медициналық картасы; №030-2/е – психикалық бұзылысы бар науқасты бақылау картасы; №061/е нысан – психикалық бұзылысы бар науқастардың контингенті туралы есебі; №014/е нысан – психикалық бұзылысы бар науқастардың стационардан шыққаны туралы есебі). Зерттеуде ретроспективті және статистикалық талдау әдістері жүргізілді [2].

Нәтижелері мен талқылау: Зерттеу нәтижесі ҚР және Ақтөбе қаласы халқының ментальды денсаулық жағдайына Республикалық ғылыми-тәжірибелік психиатрия, психотерапия және наркология орталықтары жариялайтын «Қазақстан халқына психиатриялық көмек» материалдарының жыл сайынғы статистикалық жинақтары бойынша талдау жасалды. 2020 жылы алғаш сырқаттанғандар саны 100 мың адамға шаққанда 53,8 % жағдайды құрады [3]. Осы кезеңде

республикадағы ментальды бұзылуларға қатысты Ақтөбе VII орынды иеленді. Сонымен қатар, ХАЖ-10 жинағы бойынша егде жас тұрғындарының арасында 1-орында шизофрения және шизотипті сандырақтау, 2-орында аффективті неврологиялық бұзылыстар тіркелген, ал жеңіл түрдегі бұзылыстар психоздар, күйзелістік синдромдары тіркелмеген. Ал бұл арнайы мамандардың карауында, тек қана ауыр түрдегі науқастар ғана тіркелетінін көрсетеді [3].

Қорытынды. Зерттеу бойынша 60-75 жас аралығындағы егде жастағы тұрғындарда күйзеліс, үрей алаңдаушылық, мазасыздық белгілері көп анықталған. Бұл белгілерге егде жастағы адамдар көңіл бөлмейтіндіктен оны асқындыру сатысына (шизофрения, деменция, Альцгеймер ауруы) дейін апарды. Осыған сәйкес жалпы тәжірибелік дәрігерлер тиісті көмекті бере алмайды. Ал психиатриялық көмек мамандандырылған, ол денсаулық сақтаудың жалпы жүйесінен бөлек және жеке заңмен реттеледі, сол себепті МСАК деңгейінде психиатриялық қызметтер әлі де толық қолжетімді емес [2,3].

Әдебиеттер тізімі:

1. Захарчук С. А. Исследование отношения к здоровью пожилых людей в современном психологии 2019 г., стр: 63-74
2. «Психологическое здоровье и его составляющие» Черника А.С. 2021 г., стр. 328-331.
3. 2020-2022 жж. Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі статистикалық жинақ., Нур-Султан, 03.09.2021 ж.

РЕЗЮМЕ

БИМАХАНОВА А., КЕРИМХАН Б.С.,
ҚАЗЫБАЕВ М.Қ.

ПРОВЕДЕНИЕ АНАЛИЗА МЕНТАЛЬНОГО ЗДОРОВЬЯ ПОЖИЛОГО НАСЕЛЕНИЯ ГОРОДА АКТОБЕ

Западно-Казакстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актобе, Казакстан

Исследование показало, что у пожилых жителей в возрасте от 60 до 75 лет больше симптомов стресса, беспокойства, тревожность. Это приводит к стадии осложнения (шизофрения, деменция, болезнь Альцгеймера), когда пожилые люди не обращают внимания на симптомы. В соответствии с этим врачи общей практики не могут оказывать надлежащая помощь. А психиатрическая помощь специализирована, она отделена от общей системы здравоохранения и регулируется отдельным законом, поэтому психиатрические услуги по-прежнему недоступны на уровне ПМСП.

Ключевые слова: шизофрения, психиатрическая помощь, деменция, болезнь Альцгеймера

SUMMARY

A.BIMAHANOVA, B.S. KERIMKHAN, M.K.
KAZYBAEV

ANALYSIS OF THE ELDERLY POPULATION MENTAL HEALTH IN AKTOBE

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The study showed that older residents aged 60 to 75 years have more symptoms of stress, anxiety, anxiety. This leads to a stage of complication (schizophrenia, dementia, Alzheimer's disease), when older people do not pay attention to the symptoms. In accordance with this, general practitioners cannot provide proper care. And psychiatric care is specialized, it is separated from the general health care system and regulated by a separate law, so psychiatric services are still not available at the PHC level.

Keywords: schizophrenia, psychiatric care, dementia, Alzheimer's disease

СЕЙІЛХАНОВА Ә.Б., ИБРАШЕВА А.Ж., ХАМЗИЕВА М.М., КҮЗЕМБАЙ А.С., БАХТИБАЕВА И. Б.

**АУРУЛАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ПАЦИЕНТТЕР ШҚІРІНЕ
ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми жетекші: PhD Абдикадинова И.Т

Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасы

Қазіргі уақытта адамның қатысуымен ортақ жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында созылмалы ауруларды басқару үшін сырқаттанушылықтың алдын алуға бағытталған дәлелді медицина әдістерінің көмегімен жұқпалы емес ауруларды бақылауды басқару жүргізіледі. 2017 жылы Ақтөбе қаласында бұл бағдарлама өз жұмысын №4 қалалық емханада пилоттық негізде бастады. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде №4 қалалық емханада ауруларды басқару бағдарламасы шеңберінде туындаған мәселелер талданды.

Негізгі сөздер: алғашқы көмек, сатурация, сұхбат, мониторинг

Өзектілігі: Қазіргі уақытта ортақ жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында адамның өзі қатысуымен созылмалы ауруларды басқару үшін, сырқаттанушылықтың алдын алуға бағытталған жұқпалы емес ауруларды бақылауда ұстауды дәлелді медицина әдістері арқылы басқару жүргізілуде [1,2]. 2013 жылдан бастап Қазақстан Республикасында үш нозологияға арналған Ауруларды басқару бағдарламасы (АББ) енгізілді: артериялық гипертензия, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі және қант диабеті. 2017 жылы Ақтөбе қаласында бұл бағдарлама пилоттық негізде №4 қалалық емханада өз жұмысын бастады [3].

Қазақстанда бұл бағдарламаның енгізілуі тиімді нәтижелерді көрсетуде, бірақ олар әлі перспективалық зерттеулерде бағаланбаған. Бұл зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды және ауруларды басқару бағдарламасын бағалау үшін зерттеулер жүргізуге негіз болды.

Зерттеу мақсаты: Медициналық-санитарлық алғашқы көмек деңгейінде №4 қалалық емханадағы (ҚЕ) Ауруларды басқару бағдарламасында туындаған мәселелерді талдау.

Материалдар мен әдістер: №4 ҚЕ-дағы жалпы тәжірибелік дәрігер учаскесіндегі АББ-да қант диабетімен тіркелген науқастарға сапалы зерттеу (тереңдетілген сұхбат) жүргізілді. Сұхбатқа 23 пациент қатысты, әр пациентке 14 сұрақтан қойылды. Жүргізілген сапалы зерттеудегі іріктеу теориялық қанықтыру (сатурация) негізінде жүзеге асырылды.

Нәтижелер мен талқылау: Ауруларды басқару бағдарламасын жан-жақты зерттеп, саралай келе, пациенттер арасында АББ туралы ақпараттың жеткіліксіздігі анықталды. АББ енгізу арқылы созылмалы инфекциялық емес аурумен ауыратын науқастың өмір

сапасын жақсарту, аурулардың асқынуын төмендету, жедел жәрдем шақыру санын, үйге дәрігер шақыруды төмендету, созылмалы инфекциялық емес аурулардан болатын өлім-жітімді төмендету қажеттілігі байқалды. Бағдарламадағы науқастар пікіріне сүйенсек, медицина қызметкерлерінің пациент денсаулығына үздіксіз мониторинг жүргізетіндерін, медицина қызметкерлерінің қамқорлығын, дәрігер қабылдауына келген ұнайтындығын және науқастардың өз денсаулықтарын өздері басқарудағы жауапкершілікті арттыру қажеттілігінің маңызды екені анықталды.

Қорытынды: Профилактикалық қызметтегі негізгі мәселелердің бірі созылмалы инфекциялық емес аурулардың алдын алу, оларды емдеу, асқынуын болдырмаудағы тиімділікті жеткіліксіз деп айтуға болады. Осыған байланысты созылмалы инфекциялық емес аурулары бар науқастарды үздіксіз бақылау әрі асқынудың алдын алудағы жұмыстарды жетілдіру бойынша жаңа нысандарды ұсыну жоспарлануда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Lerner, D.; Allaire, S.; Reisine, S. Work disability resulting from chronic health conditions. J. Occup. Environ. Med. 2016, 47, 253–264.
2. Chaturvedi, R.; Desai, C.; Patel, P.; Shah, A.; Dikshit, R.K. An evaluation of the impact of antidiabetic medication on treatment satisfaction and quality of life in patients of diabetes mellitus. Perspect. Clin. Res. 2018, 9, 1–15.
3. Пилоттық өңірлерге созылмалы инфекциялық емес ауруларды басқару бағдарламасын енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 5 сәуірдегі №211 бұйрығы. <https://online.zakon.kz>.

РЕЗЮМЕ

СЕЙИЛХАНОВА Ә.Б., ИБРАШЕВА А.Д.,
ХАМЗИЕВА М.М., КУЗЕМБАЙ А.С.,
БАХТИБАЕВА И.Б.

**АНАЛИЗ МНЕНИЙ ПАЦИЕНТОВ
О ПРОГРАММЕ УПРАВЛЕНИЯ
ЗАБОЛЕВАНИЯМИ**

Западно-Казакстанский медицинский университет
имени Марата Оспанова, Актобе, Казакстан

В настоящее время с целью формирования солидарной ответственности с участием самого человека проводится управление контролем неинфекционных заболеваний с помощью методов доказательной медицины, направленных на профилактику заболеваемости, для управления хроническими заболеваниями. В 2017 году в г. Актобе эта программа начала свою работу в городской поликлинике №4 на пилотной основе. На уровне первичной медико-санитарной помощи были проанализированы вопросы, возникшие в рамках программы управления заболеваниями в городской поликлинике №4.

Ключевые слова: первая помощь, сатурация, опрос, мониторинг

SUMMARY

A.B.SEILKHANOVA, A.J.IBRASHEVA,
M.M.KHAMZIEVA, A.S.KUZEMBAI,
I.B.BAKHTIBAEVA

**ANALYSIS OF PATIENT OPINIONS ABOUT THE
DISEASE MANAGEMENT PROGRAM**

West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Currently, in order to form joint responsibility with the participation of the person himself, the management of the control of non-communicable diseases is carried out using evidence-based medicine methods aimed at preventing morbidity, for the management of chronic diseases. In 2017, in Aktobe, this program began its work in the city polyclinic No. 4 on a pilot basis. At the level of primary health care, the issues that arose within the framework of the disease management program in the city polyclinic №4 were analyzed.

Keywords: first aid, saturation, survey, monitoring.

ОСОБЕННОСТИ ДИАГНОСТИКИ ДИСПЛАЗИИ СОЕДИНИТЕЛЬНОЙ ТКАНИ У ДЕТЕЙ

Ташкентская медицинская академия, Ташкент, Узбекистан

Научный руководитель – к.м.н., доцент, Абдуллаева Д.Т.

Кафедра детских болезни

ДТД сегодня является основой многих хронических заболеваний. Поскольку ДТД вызывается нарушением образования соединительной ткани в процессе эмбрионального развития, этот тип заболевания важен для постепенного развития фенотипических признаков на постэмбриональной стадии.

Ключевые слова: ДСТ, молекулярная генетика, ген, эмбриональное развитие, дети

Актуальность. Дисплазия соединительной ткани (ДСТ) сегодня лежит в основе многих хронических заболеваний [1]. ДСТ обусловлена нарушением формирования соединительной ткани в процессе эмбрионального развития. Актуальность ДСТ выражается в распространенности маркеров морфогенеза. В настоящее время по данным литературы выявлено более чем 200 фенотипических признаков соединительной ткани [2]. По классификации ДСТ делят на две:

1. Дифференцированная дисплазия соединительной ткани (наследственная, синдромальная); 2. Недифференцированная дисплазия соединительной ткани (на сегодняшний день, не входит ни в одну классификацию). Более 70% случаев дисплазии соединительной ткани соответствуют дифференцированной ДСТ. Заболеваемость недифференцированной ДСТ среди населения составляет 10-30%. Используя современные достижения молекулярной генетики, можно определить синдром ДСТ в зависимости от экспрессивности и пенетрантности титра гена, характеризующейся изменениями не только одного, а нескольких органов, определения выраженности степени тяжести всего организма приводящих к хронизации соматических заболеваний [3].

Цель исследования. Изучение и определение результатов внедрения программы ЭВМ(OSTDST-VSKD.exe) за 6 месяцев в поликлиниках (№-22,23,24,26,62) Учтепинского района г. Ташкента.

Методы исследования. Нами было проведено исследование в поликлиниках Учтепинского района. Всего было выявлено 167 детей, в возрасте от 1-го до 18-ти лет с ДСТ различной степени. Исследование проводилось с июля по декабрь месяц 2022 года. Отбор выявления был применен с помощью программы ЭВМ(OSTDST-VSKD.exe). В программу исследования были выбраны дети с наличием более 6-ти фенотипических признаков и более 2-х стигм дизэмбриогенеза.

Результаты и обсуждения. По результатам внедрения программы ЭВМ(OSTDST-VSKD.exe) «Оценка степени тяжести дисплазии соединительной ткани у

детей на основании выраженности симптомокомплексов» были получены следующие результаты. Дети без ДСТ составили 52,7%. Дети с легкой степенью 33,5%. Со средней степенью 12,6%. Тяжелая степень выявилась у 2-х детей, что составило 1,2%. Анализируя данные, пришли к заключению, что наиболее высокие цифры по возрасту составили дети от 4-7 лет, что соответствовало 30 (37,8%). Самые низкие цифры составили дети от 15-18 лет, 13 (16,7%) Превалировали девочки, что составило 44 (55,7%).

Заключение. Таким образом, по результатам выявленных данных, можно думать о дальнейшем изучении биохимических и генетических маркеров, подтверждающих значимость соединительной ткани при возникновении патологии у детей, что позволит проводить патогенетическую терапию, включая коррекцию метаболических процессов, применение необходимых микронутриентов, а также создать персонализированный подход в создание индивидуальной диетотерапии и патогенетической коррекции лекарственных средств в зависимости от тяжести состояния ДСТ у детей.

Список литературы:

1. Абдуллаева Д.Т., Ахмедова Г.Х., Худайкулова Э.А., Анкета для врачей первичного звена г.Ташкента по дисплазии соединительной ткани, Журнал NX-Многопрофильный рецензируемый журнал-2023; 1: 83-89 (дата обращения: 29.01.2023);
2. Унграсерт П., Кроусон К.С., Чоудхари В.Р., Эрнсте Ф.К., Модер К.Г., Маттесон Э.Л. (декабрь 2016 г.). «Эпидемиология смешанного заболевания соединительной ткани, 1985-2014 гг.: популяционное исследование». Рес для лечения артрита (Хобокен) . 68 (12): 1843–1848. doi : 10.1002/acr.22872 . ЧВК 5426802 . PMID 26946215 (дата обращения: 29.01.2023);
3. Абдуллаева ДТ, Значение дисплазии соединительной ткани в развитии и прогнозе бронхиальной астмы у детей.

ТҮЙІН

САЙФИДДИН ҚАЖЫ Қ.Ш., ДОСМАТОВ И.З.

БАЛАЛАРДАҒЫ ДӘНЕКЕР ТІНІҢ
ДИСПЛАЗИЯСЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІТашкент медициналық академиясы, Ташкент,
Өзбекстан

ДТД бүгінгі күні көптеген созылмалы аурулардың негізі болып табылады. ДТД эмбриональды даму процесінде дәнекер тінінің түзілуінің бұзылуынан туындағандықтан, аурудың бұл түрі постэмбриональды кезеңде фенотиптік белгілердің біртіндеп дамуы үшін маңызды.

Негізгі сөздер: ДТД, молекулалық генетика, ген, эмбриональды даму, балалар

SUMMARY

KHOJI K.SH.SAYFIDDIN, I.Z. DOSMATOV

FEATURES OF DIAGNOSIS OF CONNECTIVE
TISSUE DYPLASIA IN CHILDREN

Tashkent Medical Academy, Uzbekistan, Tashkent

CTD is at the root of many chronic diseases today. Since CTD is caused by a violation of the formation of connective tissue in the process of embryonic development, this type of disease is important for the gradual development of phenotypic signs in the postembryonic period.

Keywords: CTD, molecular genetics, gene, embryonic development, children

НСАНБАЕВ Б.С., НСАНБАЕВА А.В., ЖАНЕТОВА М.М.

КЛИНИЧЕСКИЙ СЛУЧАЙ РЕБЁНКА С СИНДРОМОМ ГИЙЕНА-БАРРЕ

Оренбургский государственный медицинский университет, Оренбург, Россия

Научный руководитель - к.м.н., старший преподаватель Альбакасова А.А.
Кафедра детских болезней

Синдром Гийена-Барре является редкой, сложно поддающейся лечению и требующей длительной госпитализации патологией, которая сопровождается мышечной гипотонией, параличом мышц конечностей и дыхательной мускулатуры, поражением ЧМН. Цель исследования - рассмотреть клинический случай ребёнка 2-х лет с синдромом Гийена-Барре.

Ключевые слова: синдром Гийена-Барре, тетрапарез, ЭНМГ, плазмаферез, иммунотерапия

Актуальность. Синдром Гийена-Барре является редкой разновидностью неврологической демиелинизирующей патологии, в основе которой лежит нарушение иммунной реактивности организма. Незнание этиологии, неполная ясность патогенеза, сложность диагностики и дифференциации синдрома Гийена-Барре, а также необходимость длительной терапии обуславливают актуальность изучения данной патологии [1-2].

Цель исследования: описать клинический случай синдрома Гийена-Барре у ребёнка 2-х лет.

Материалы и методы. Анализ клинико-параclinical показателей синдрома Гийена-Барре у ребёнка 2-х лет по данным медицинской документации (форма №112, выписки из истории болезни пациента).

Результаты и обсуждение. Мальчик 2-х лет поступил в детскую клиническую больницу. Анамнез жизни: родился от 2-ой беременности, 2-х родов. Доношен. Часто болеет ОРВИ. Профилактических прививок не получал из-за отказа родителей. Анамнез заболевания: заболел 19 декабря 2022 года, когда появились кашель, хрипы, явления гнойного

конъюнктивита. В течение недели состояние мальчика ухудшалось: t0 тела достигала 39,80С, были эпизоды рвоты, развивалась неврологическая симптоматика (мальчик стал вялым, перестал ходить и держаться на ногах, стал запрокидывать голову, отмечалось косоглазие). На 7 день был осмотрен врачом-инфекционистом и госпитализирован в ОРИТ инфекционной больницы с подозрением на нейроинфекцию. Методом ПЦР-диагностики обнаружены РНК вируса гриппа. Во время нахождения в отделении реанимации и интенсивной терапии инфекционной больницы потребовалась ИВЛ. 5 января 2023 года был переведен в ОРИТ областной ДКБ. Получал иммунотерапию, проведены 4 сеанса плазмафереза. В связи с улучшением состояния 24 января переведен в отделение неврологии. В ходе объективного осмотра врачом-неврологом были обнаружены: вялый тетрапарез, поражение 3, 4, 7, 9, 10, 11, 12 пар ЧМН, ригидность мышц шеи, невозможность поднять и удерживать голову, дизартрия. При исследовании спинномозговой жидкости обнаружен цитоз (40 клеток в поле зрения) с преобладанием лимфоцитов. При проведении МРТ и КТ головного и спинного мозга патологических изменений не обнаружено.

На ЭНМГ было обнаружено преимущественно аксональное поражение нервов нижних и верхних конечностей по полиневритическому типу. Поставлен диагноз: Острая воспалительная демиелинизирующая полинейропатия (Синдром Гийена-Барре) тяжелой степени тяжести. Вялый тетрапарез. Задержка речевого развития, дизартрия. Основу лечения составляли проведенные в ОРИТ 4 сеанса плазмафереза и введение иммуноглобулина человека нормального. Кроме того, в отделении неврологии применялись цитафлавин, омега-3, дюфалак, ибупрофен в целях симптоматической терапии. Пациент был выписан на 50-й день госпитализации. При выписке мальчик уверенно держал голову, появились движения в верхних конечностях. Активные

движения в ногах отсутствовали.

Заключение. Синдром Гийена-Барре является сложно поддающимся лечению состоянием, с длительным периодом госпитализации (не менее месяца). Единственными эффективными методами лечения синдрома являются применение иммуноглобулина человеческого стандартного и проведение плазмафереза.

Список литературы:

1. Емелин А.Ю. Синдром Гийена-Барре: рекомендации по диагностике и лечению / Известия Российской военно-медицинской академии. 2021. Т. 40. №4. с. 51-57
2. Клинические рекомендации «Синдром Гийена-Барре у детей», Союз педиатров России, 2016 год.

ТҮЙІН

НСАНБАЕВ Б.С., НСАНБАЕВА А.В.,
ЖАНЕТОВА М.М

ГИЙЕНА-БАРРЕ СИНДРОМЫ ДАМЫҒАН БАЛАНЫҢ КЛИНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Орынбор мемлекеттік медицина университеті,
Орынбор, Ресей

Гийен-Барре синдромы – сирек кездесетін, қиын және ұзақ емделетін патология. Ол бұлшықет гипотониясымен, аяқ-қолдар мен тыныс алу бұлшықеттерінің сал ауруымен, жүйке жүйесінің функциясының бұзылуымен сипатталады. Зерттеу жұмысының мақсаты – Гийена-Барре синдромы бар 2 жастағы баланың клиникалық жағдайын қарастыру.

Негізгі сөздер: Гийена-Барре синдромы, тетрапарез, ЭНМГ, плазмаферез, иммунотерапия

SUMMARY

B.S.NSANBAYEV, A.V.NSANBAYEVA,
M.M.ZHANETOVA

CLINICAL CASE OF A CHILD WITH GUILLAIN-BARRE SYNDROME

Orenburg State Medical University, Orenburg, Russia

Guillain-Barre syndrome is a rare, difficult to treat and requiring long-term hospitalization pathology, which is accompanied by muscle hypotension, paralysis of the muscles of the extremities and respiratory muscles, and damage to the cranial nerves. The aim of the study was to consider a clinical case of a 2-year-old child with Guillain-Barre syndrome.

Keywords: Guillain-Barre syndrome, tetraparesis, ENMG, plasmapheresis, immunotherapy

Д.Н. ҒҰМАРОВА, М.Т. ШАПЕКОВА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕГУ КҮНТІЗБЕСІН БАСҚА ЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЕГУ КҮНТІЗБЕЛЕРІМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі №2 ЖТД кафедрасының ассистенті М.К. Назарбаева
№2 жалпы тәжірибелік дәрігер кафедрасы, 6-курс

Қазақстан ҰЕК құрамына кіретін 11 вакцинамен басқарылатын инфекциялар Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Мексика, Жапония, Оңтүстік Африка, Австралия ҰЕК-да бірдей кездеседі. Бірақ инфекцияның саны, уақыты, көрсеткіштері және егу жиілігі бойынша айырмашылықтар бар. Алайда, шетелде қосымша инфекциялардың спектрі кеңірек, мұнда Ұлттық күнтізбеде аталған инфекциялардың алдын алудан басқа, ротавирустық, тұмау, желшешек, менингококк, папилломавирусы инфекцияларына қарсы вакцинация жүргізіледі.

Негізгі сөздер: вакцинация күнтізбелері, вакцинаның алдын алу, инфекция, ел

Өзектілігі: қазіргі уақытта Қазақстанда вакцинамен басқарылатын инфекциялардың алдын алуды ұйымдастырудың ең тиімді болып саналатын бірегей жүйесі бар [1]. Жаңа ғылыми жетістіктерге

байланысты вакциналық препараттардың сапасы мен саны заманауи қайта қаралуы және өзгеруі мүмкін. Өртүрлі елдердегі инфекциялық ауруларды алдын-алу стратегиясы өте ұқсас, бірақ жекелеген инфекцияларға

қарсы вакцинация және ревакцинация тактикасы мәселелерінде шетелдік вакцинация күнтізбелерінде айырмашылықтар бар. Осы жұмыс бойынша іздеу жүргізуде біз Қазақстанның Ұлттық егу күнтізбесін (ҰЕК) басқа елдердің күнтізбелерімен салыстырмалы талдау зерттеуін таппадық [2].

Мақсаты. Әртүрлі континент елдерінің ҰЕК-сін Қазақстан ҰЕК-сімен салыстырмалы талдау.

Әдістері. Осы мақсатта біз Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Мексика, Жапония, Оңтүстік Африка, Австралия елдерінің егу күнтізбелерін ДДҰ-ның ресми сайттары мен осы елдердің бейінді интернет-көздері бойынша зерттеп, Қазақстанның ҰЕК-мен салыстырдық.

Нәтижелері. Осы елдердің күнтізбелерін салыстыру кезінде вакцинаның алдын алу стратегиясы өте ұқсас екенін атап өткен жөн, ал жекелеген инфекцияларға қарсы вакцинация және ревакцинация тактикасында айырмашылықтарды анықтауға болады. Қазақстан ҰЕК-сі шет елдердің ҰЕК-нен инфекция саны бойынша ерекшеленеді: Қазақстан мен Оңтүстік Африкада – 11 бірдей, Ресей, Ұлыбритания, Қытайда – 12, Мексика, Жапонияда – 13, Австралияда – 15 және АҚШ-та – 16. Вакцинамен басқарылатын инфекциялардың атаулары бойынша біз Қазақстандағыдай барлық елдердің ҰЕК-де: туберкулез, көкжөтел, дифтерия, сіреспе, полиомиелит, қызылша, қызамық, паротит, гемофильді және пневмококкты инфекцияларына, сондай-ақ В гепатитіне қарсы егу кіретінін анықтадық. АҚШ және Австралияда туберкулезге қарсы вакцинация, сонымен қатар Ұлыбританияда туберкулезге және

В гепатитіне қарсы вакцинация тек қауіп топтарында жүргізіледі. Аталған елдердің ҰЕК негізінен инфекция саны, егу жиілігі, мерзімі және көрсеткіштері бойынша ерекшеленеді. Сондай-ақ қызамыққа, паротитке, пневмококкты және гемофильді инфекцияға қарсы екпелер ерікті болып табылады (Қытай, Оңтүстік Африка). АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Мексика, Оңтүстік Африка, Қытай және Жапонияда менингококк, ротавирус, папилломавирус, тұмау инфекциясы, желшешек және А гепатитіне қарсы вакцинация ҰЕК құрамына кіреді. Жапония мен Қытайда жапон энцефалитіне қарсы вакцинациясы күнтізбеге қосылған.

